

Целиноград аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 226/29-8 "2024-2026 жылдарға арналған Ыбырай Алтынсарин ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 қарашадағы № 260/33-8 шешімі

Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Ыбырай Алтынсарин ауылының бюджеті туралы" 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 226/29-8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 200790 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Ыбырай Алтынсарин ауылының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 23 200,0 мың теңге, соның ішінде:

трансферттердің түсімдері – 23 200,0 мың теңге;

2) шығындар – 23 200,0 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы

Л.Конарбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

Д.Сабырғали

2024 жылғы 15 қараша

"Целиноград ауданының

экономика және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

басшысының міндетін атқарушы

А.Беркеева

2024 жылғы 15 қараша

Целиноград аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 15 қарашадағы
№ 260/33-8 шешіміне
қосымша

Целиноград аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 226/29-8 шешіміне
1-қосымша

Ыбырай Алтынсарин ауылының 2024 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сома, мың теңге
	Сыныбы			
			Кіші сыныбы	
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	23 200,0
4			Трансферттердің түсімдері	23 200,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	23 200,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	23 200,0

Функционалдық топ				Сума, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	23 200,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 200,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18 200,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10 500,0

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 700,0
12			Көлік және коммуникация	5 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5 000,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0,0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0,0